

Сауран ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Түркістан облысы Сауран аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 65 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Занының 8-бабы 1) тармақшасына, 13-бабына сәйкес, Сауран аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сауран ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сауран ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сауран аудандық мәслихатының төрағасы

С.Байсбаев

Сауран аудандық мәслихатының
2023 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 65 шешіміне қосымша

Сауран ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

1. Сауран ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қагидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, ауыл

шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, олардың иелерін - жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдан өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

3. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

4. Жоспар:

1) осы Жоспардың 1-қосымшасына сәйкес құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Сауран ауданы аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын);

2) осы Жоспардың 2-қосымшасына сәйкес Сауран ауданы аумағында жайылым айналымдарының қолайлыш схемаларын;

3) осы Жоспардың 3-қосымшасына сәйкес Сауран ауданы жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын;

4) осы Жоспардың 4-қосымшасына сәйкес Сауран ауданы аумағында жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тогандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын;

5) осы Жоспардың 5-қосымшасына сәйкес Сауран ауданы аумағында жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын;

6) осы Жоспардың 6-қосымшасына сәйкес Сауран ауданының ауылдар, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын;

7) осы Жоспардың 7-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесін;

8) осы Жоспардың 8-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректерін;

9) осы Жоспардың 9-қосымшасына сәйкес шалғайдағы жайлымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерін қамтиды.

5. Сауран ауданы Түркістан облысының солтүстік бөлігінде орналасқан. Ауданының солтүстігінде Созақ ауданымен, оңтүстігінде Отырар ауданымен, шығысында Бәйдібек ауданымен, оңтүстік-шығысында Ордабасы ауданымен, батысында Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен шектеседі. Аудан аумағының Солтүстік Шығыс пен Оңтүстік Шығыс бөлігі таулы негіздегі жазықтық болып табылады. Жерді пайдалану аймағы құрғақ аймақта орналасқан. Аумақтың басым бөлігінде жусан, жантак, сораң шөп сияқты шөптер және басқа да шөптердің түрлері өседі. Мал жаюға арналған табиғи өсімдіктер ауданы бүкіл ауданың барлық аумағына бөлінген.

Әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша Сауран ауданында 12 ауылдық округтер, 36 ауылдық елді мекендер орналасқан.

6. Сауран ауданының климаты континенттік. Қаратай тауының етегінде орналасқан, сүйк болмайтын күндері 160-180 күнді құрайды, жылдық ауаның ылғалдығы 330-390 мм. Қыс айларында қардың қалындығы 20-40 см барады. Ұзақтығы 120-160 күнге созылады. Жер қыртысы ылғалды ашық сұр топырақты болып келеді. Қысы қысқа, жұмсақ, жазы ұзак, ыстық. Жыл бойына 40 күндей қар қылаулайды. Бірақ көп жатпай, тез еріп кетеді. Ең сүйк ай қантардың орташа температурасы -8-10 градус. Қар жамылғысының орташа қалындығы 20-40 см. Қар қарашаның соны, желтоқсанның басында түсіп, ақпан наурыз айында ери бастайды.

Жауын-шашының жылдық орташа мөлшері 200-380 мм. Желдің басым бөлігі шығыс, оңтүстік-шығыс бағыттан соғады. Орташа жылдамдығы 3-5 метр секунд. Желдің әсерінен жазда ауданың гидротермиялық көрсеткіші төмендеп (0,3-0,4) ылғалдылық мөлшері кемиді де аңызак, құрғақ және ыстық кезең қалыптасады.

7. Жер беті сулары: Сырдария өзені-ұзындығы 95 км, Қарашық өзені 50 км, Шылбыр өзені 20 км, Жаңақорған өзені 30 км, Иқан су өзені 35 км, жалпы 230 км құрайды. Сонымен қатар, ауданда ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуде бөгендер мен тоғандар пайдаланылады.

8. Ауданда ауыл шаруашылықтың негізгі саласы егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, бау-бақша дақылдарын өсіру болып табылады. Ауданың ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 388 843 га, суармалы егістік 44 441 га, шабындық жерлер 3257 га, жайылымдар 344 402 га құрайды.

9. Аудан аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы саны: 3 576 бас түйе, 88 218 бас ірі қара мал, 460 986 бас ұсақ мал, 16 726 бас жылқы бар.

10. Аудан аумағында 12 ветеринариялық станциялар, 20 ұсақ малдарды шомылдыру орындары, 13 жасанды ұрықтандыру пункттері қызмет істейді.

11. Сауран ауданы аумағының жалпы көлемі – 721 745 га, оның ішінде жайылымдық жерлер – 344 402 га.

12. Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 388 843 га;

2) елді мекендердің жерлері – 62 273 га;

3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мүқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 6 729 га;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер – 39 424 га;

5) орман қорының жерлері – 66 145 га;

6) су қорының жерлері – 2 429 га;

13. Жайылым өнімділігін анықтау үшін геоботаникалық зерттеулердің деректері қолданылды. Жайылым жерлердің құрғақ массасының орташа түсімділігі 5,3 центнер/га, азықтық бірлігі 3,1 центнер/га құрайды.

14. Жайылым сыйымдылығын анықтау, жайылым кезеңінде оның өнімділігі туралы деректер негізінде құрылған. Шамамен алғанда, малдар үшін азықтардың келесі нормалары алынды (орта есеппен бір мал үшін): ірі қара мал – 4 кг, ұсақ мал – 2 кг, жылқы және түйе – 6 кг. Жайылым кезеңінің ұзақтылығы 180-200 күнді құрайды. Бұл түрғыда, жайылым өнімін, жануарлар үшін азықты бір күнде қажет ету көлемін, жайылым кезеңінің ұзақтылығын біле отырып, жайылымның сыйымдылығын анықтауга болады.

15. Ауыл шаруашылығы жануарларын екпе және аридті жайылымдарда жаю ерекшеліктері:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын, сондай-ақ жайылым айналымының ұзақтығын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте;

2) топырақ климаттық аймаққа, ауылшаруашылық жануарларының түрлеріне, сондай-ақ жайылым айналымына байланысты;

3) далалы – 160-180 күн;

4) шөлейтті – 160-180 күн.

Мал жаю ұзақтығы: сүтті ірі қара мал үшін минималды, етті ірі қара мал, қой, жылқы, түйелер үшін – максималды және қар жамылғысының тереңдігі мен тығыздығына және басқа да факторларға байланысты.

16. Малды айдал өту үшін сервитуттар туралы мәліметтер.

Аудан бойынша барлығы 344 402 га жайылымдық жер тіркелген. Аудандағы 569 506 бас (88218 ірі қара, 16726 жылқы, 460 986 уақ мал, 3576 түйе) көлемі 49 614 га жайылымды пайдаланады. Осы көрсетілген малдардың ішінде барлығы 71 362 бас (8625 ірі қара, 253 жылқы, 59693 уақ мал) мал бір орында, қоралық жағдайда ұсталып, бордақыланады.

Сауран ауданындағы жайылымдық жердің жеткіліксіздігін шешу үшін, жайылымдық жерлерге түсетін жүктемені азайтып, мал өсіруді жайылымдық-қоралық

жүйеден жайылымды қажет етпейтін мал өсіру жүйесіне (қорада ұстап бағу, бордақылау) ауыстыру қажет.

Ескерту: аббревиатуралардың ажыратылып жазылуы:

га – гектар;

кг – килограмм;

км – километр;


см – сантиметр;

мм – миллиметр;

– Цельсий көрсеткіші.

Сауран ауданы бойынша 2023-2024
жылдарға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 1-қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




Шартты белгілер:

- Елді мекен жерлері - 62273 га
- Жайылым жерлері - 344402 га
- Карагату табиғи қорығы - 70802 га

Сауран ауданы бойынша 2023-2024
жылдарға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 2-қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары




Шартты белгілер:

- | | |
|---|--|
| █ Елді мекен жерлері
█ Жайылым жерлері
█ Қаратау табиғи қорығы | █ Ортақ жайылым жерлері
█ Шалғайдағы жайылым жерлері |
|---|--|

Сауран ауданы бойынша 2023-2024
жылдарға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 3-қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы




Шартты белгілер:

- █ Елді мекен жерлері
- Жайылым жерлері
- █ Респубикалық маңызы бар (Батыс Еуропа - Батыс Қытай автомобиль жолы)
- █ Облыстық маңызы бар жолдары
- █ — █ Темір жолдар

Сауран ауданы бойынша 2023-2024
жылдарға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 4-қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

- █ Елді мекен жерлері
- Жайылым жерлері
- Қаратату табиғи қорығы
- Күдықтар

Сауран ауданы бойынша 2023-2024
жылдарға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 5-қосымша

**Жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы
жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны
берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**




Шартты белгілер:

- Елді мекен жерлері
- Жайылым жерлері
- Қаратату табиғи қорығы
- Берілетін жайылымдар

Сауран ауданы бойынша 2023-2024
жылдарға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 6-қосымша

Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан
жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл
шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру
схемасы



Шартты белгілер:

- Елді мекен жерлері
- Жайылым жерлері
- Қаратат табиғи қорығы
- Шалғайдағы жайылым жерлері

Сауран ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 7-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі

№	Ауылдардың, ауылдық округтердің атауы	Шалғай жайылымдарда жаюдың кезеңі	Шалғай жайылымдардан қайтару кезеңі
1	Бабайқорған ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі

2	Майдантал ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
3	Жібек жолы ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
4	Шорнақ ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
5	Қарашық ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
6	Ескі Иқан ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
7	Жаңа Иқан ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
8	Үшқайық ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
9	Иассы ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
10	Оранғай ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
11	Шага ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі
12	Жүйнек ауылдық округі	наурыз айының екінші жартысы	қазан айының бірінші онкүндігі

Сауран ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 8-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер

№	Ауылдар, ауылдық округтер атаулары	Табын, отар, үйірлердің саны				
		Мұйізді ірі қара (саны)	Жас мұйізді ірі қара	Жылқылар (саны)	Ұсақ мал (саны)	Ескертпе
1	Бабайқорған ауылдық округі	4700	-	1900	32215	
2	Майдантал ауылдық округі	9783	-	1290	42497	
3	Жібек жолы ауылдық округі	6646	-	3046	37624	
4	Шорнақ ауылдық округі	6912	-	828	38749	

5	Қарашық ауылдық округі	4468	-	960	37671	
6	Ескі Иқан ауылдық округі	11131	-	1547	39473	
7	Жаңа Иқан ауылдық округі	20417	-	2644	43601	
8	Үшқайық ауылдық округі	4196	-	598	42183	
9	Иассы ауылдық округі	6012	-	1354	38024	
10	Орангай ауылдық округі	5122	-	866	37011	
11	Шаға ауылдық округі	6394	-	1186	36024	
12	Жүйнек ауылдық округі	2437	-	507	35914	
Барлығы:		88218	-	16726	460986	

Сауран ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 9-қосымша

Шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер

№	Ауылдар, ауылдық округтер атаулары	Елді мекен жерлері (гаектар)	Оның ішінде, халық қажеттілігі үшін	Мал басы саны	Бір мал басына жайылым алаңы (гаектар)	Норматив бойынша бір мал басына жайылым алаңы (гаектар)	Қосымша қажет етілетін жайылым (гаектар)
1	Бабайқорға н ауылдық округі	111707	-	ірі қара мал -4700	8	37600	119130
				ұсақ мал -3932	2	64430	
				түйе -10	-	-	
				жылқы -1900	9	17100	

2	Майдантал ауылдық округі	65751	-	ірі кара мал -9783	8	78264	
				ұсақ мал -42497	2	84994	174868
				түйе -176	9	-	
				жылқы 1290	9	11610	
3	Жібек жолы ауылдық округі	40760	-	ірі кара мал -6646	8	53168	
				ұсақ мал 75248	2	75248	155830
				түйе -735	9	-	
				жылқы 3046	9	27414	
4	Шорнак ауылдық округі	71489	-	ірі кара мал -6912	8	55296	
				ұсақ мал 38749	2	77498	140246
				түйе -203	9	-	
				жылқы -828	9	7452	
5	Карашық ауылдық округі	37733	-	ірі кара мал -4468	8	35744	
				ұсақ мал 37671	2	75342	119726
				түйе -188	9	-	
				жылқы -960	9	8640	
6	Ескі Иқан ауылдық округі	39729	-	ірі кара мал -11131	8	89048	
				ұсақ мал 39473	2	78946	181917
				түйе -0	9		
				жылқы 1547	9	13923	
7	Жана Иқан ауылдық округі	80514	-	ірі кара мал -20417	8	163336	
				ұсақ мал 43601	2	87202	274334
				түйе -0	9		
				жылқы 2644	9	23796	
8	Үшқайық ауылдық округі	52821	-	ірі кара мал -4196	8	33568	
				ұсақ мал 42183	2	84366	123316
				түйе -59	9	-	
				жылқы -598	9	5382	

9	Иассы ауылдық округі	65896	-	ірі кара мал -6012	8	48096	136330
				ұсақ мал -38024	2	76048	
				түйе -205	9		
				жылқы 1354	9	12186	
10	Оранғай ауылдық округі	47579	-	ірі кара мал -5122	8	40976	122792
				ұсақ мал -37011	2	74022	
				түйе -610	9		
				жылқы -866	9	7794	
11	Шага ауылдық округі	63491	-	ірі кара мал -6394	8	51152	133874
				ұсақ мал -36024	2	72048	
				түйе -557	9	-	
				жылқы 1186	9	10674	
12	Жүйнек ауылдық округі	45835	-	ірі кара мал -2437	8	19496	95887
				ұсақ мал -35914	2	71828	
				түйе -833	9	-	
				жылқы -507	9	4563	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК